

Міндетті медициналық тексеріп-қарау өткізілетін зиянды өндірістік факторлардың, кәсіптердің тізбесін, Міндетті медициналық тексеріп-қарауды өткізу қағидаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 25 қантардағы № 166 Қаулысы.
Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 8 қыркүйектегі № 754 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 08.09.2015 № 754 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

БАСПАСӨЗ РЕЛИЗИ

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

ҚР мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктердің аражігін ажырату мәселелері бойынша 2014 жылғы 29 қыркүйектегі № 239-V ҚРЗ Заңына сәйкес ҚР Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 28 ақпандағы № 175 бұйрығын, Ұлттық экономика министрінің м.а. 2015 жылғы 24 ақпандағы № 128 бұйрығын қараңыз.

"Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 18 қыркүйектегі Кодексінің 155-бабының 4-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған:

1) міндетті медициналық тексеріп-қарау өткізілетін зиянды өндірістік факторлардың, кәсіптердің тізбесі;

2) Міндетті медициналық тексеріп-қарауды өткізу қағидалары бекітілсін.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

<i>Премьер-Министрі</i>	<i>Қазақстан Республикасының</i>
Қазақстан	<i>К. Мәсімов</i>
Үкіметінің	Республикасы
2012 жылғы	25 қантардағы
№ 166 қаулысымен	
бекітілген	

Міндетті медициналық тексеріп-қарауды өткізу қағидалары

1. Жалпы ережелер

1. Осы Міндетті медициналық тексеріп-қарауды өткізу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) міндетті медициналық тексеріп-қарауды өткізудің тәртібі мен кезеңділігін а й қ ы н д а й д ы .

2. Міндетті медициналық тексеріп-қарау алдын ала және мерзімдік болып б ө л і н е д і .

3. Алдын ала медициналық тексеріп-қарауды жұмысқа тұру немесе оқуға түсу алдында кәсіп немесе оқу бойынша міндеттерін орындауға жарамдылығын анықтау, сондай-ақ жалпы, кәсіптік аурулардың алдын алу және инфекциялық және паразиттік ауруларды таратпау мақсатында жүргізіледі.

4. Мерзімдік міндетті медициналық тексеріп-қарауды жұмыс істеп жүрген адамдардың денсаулық жағдайын динамикалық қадағалауды камтамасыз ету, аурулардың бастапқы белгілерін уақтылы анықтау, жалпы, кәсіптік аурулардың алдын алу және инфекциялық және паразиттік ауруларды таратпау мақсатында жү р г і з і л е д і .

5. Міндетті медициналық тексеріп-қарауларды білікті мамандары, қажетті аспаптары, жабдығы, функционалдық-диагностикалық және зертханалық зерттеулер жүргізуге арналған химиялық реактивтері және материалдық-техникалық ресурстары бар, тексерілетін адамдардың жұмысқа (өндірістік практикаға) жарамдылығын бағалау, денсаулық жағдайы бойынша кәсіптік жарамдылығын бағалау бойынша медициналық қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар медициналық ұйымдар жүргізеді.

2. Міндетті алдын ала медициналық тексеріп-қарауды жүргізу тәртібі

6. Міндетті медициналық тексеріп-қарауды өткізуге қатысатын медициналық ұйымдардың медицина қызметкерлері жұмыскерді тексеруді жүзеге асырады және зерттелетін адамды зертханалық зерттеулерге жібереді.

7. Міндетті алдын ала медициналық тексеріп-қараулар деректері жұмыскердің орындалатын жұмысқа (өндірістік практикаға) денсаулық жағдайының сәйкестігі немесе сәйкессіздігі туралы қорытындыны ресімдей отырып, денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган бекіткен нысан бойынша амбулаториялық пациенттің медициналық картасына енгізіледі.

8. Міндетті алдын ала медициналық тексеріп-қараулар нәтижелері эпидемиологиялық маңызды объектілерге жұмысқа тұратын адамдар үшін жеке медициналық кітапшаға ресімделеді. Міндетті алдын ала медициналық тексеріп-қараудан өткен және зиянды өндірістік факторлары бар жұмысқа жарамды деп танылған адамдарға денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган

бекіткен нысан бойынша медициналық анықтама беріледі.

9. Медициналық ұйым басшысының бұйрығымен тағайындалған жауапты медицина қызметкері денсаулық жағдайларының жұмысты орындауға қажетті талаптарға, оның ішінде оқушылардың оқу орындарында оқуы кезеңінде өндірістік практикада көзделген талаптарға сәйкестігі туралы қорытындыны қ а б ы л д а й д ы .

10. Жеке медициналық кітапшаға денсаулық жағдайы туралы қорытындыны медициналық ұйымның жауапты медицина қызметкері жеке медициналық кітапшада міндетті алдын ала медициналық тексеріп-қараудан өткені туралы мөрлер мен міндетті медициналық тексеріп-қарауға қатысатын барлық медицина қызметкерлерінің барлық қолдары болған жағдайда қояды.

3. Міндетті мерзімдік медициналық тексеріп-қарауды өткізу тәртібі

11. Міндетті мерзімдік медициналық тексеріп-қарауды өткізу мерзімділігі:

- 1) жыл сайынғы медициналық тексеріп-қарау – жылына 1 рет;
- 2) ауысым алдындағы медициналық куәландыру – жұмыс ауысымының алдында 1 сағат және 30 минут бұрын;
- 3) рейс алдындағы және рейстен кейінгі медициналық тексеріп-қарау – рейс басталар алдында 30 минут бұрын және рейс аяқталғаннан кейінгі 30 минуттың і ш і н д е .

Ескерту. 11-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 31.07.2014 № 867 қаулысымен (20.10.2014 бастап қолданысқа енгізіледі).

12. Мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қадағалау органдары:

- 1) алдыңғы жылдың 1 желтоқсанынан кешіктірмей жұмыс берушімен немесе жауапты адаммен бірге өндірістер, цехтар, кәсіптер мен лауазымдар тізбесін, ауыр жұмыстар, зиянды (өте зиянды) және (немесе) қауіпті еңбек жағдайларының тізбесін анықтайды;
- 2) міндетті медициналық тексеріп-қараулармен толық қамтуға, сапасына және уақтылы өткізуге бақылауды жүзеге асырады;
- 3) жұмыскерлердің міндетті медициналық тексеріп-қараулары нәтижелерін қ о р ы т ы н д ы л а у ғ а қ а т ы с а д ы ;
- 4) медициналық ұйымның сұрауы бойынша еңбек жағдайының санитариялық-эпидемиологиялық сипаттамасын ұсынады.

13. Орындалатын жұмысқа қарсы айғақ болып табылатын инфекциялық немесе паразиттік аурулар диагностикаланған, инфекциялық аурулардың қоздырғыштарын тасымалдаушылық анықталған жағдайда медициналық ұйымның жауапты медицина қызметкері мемлекеттік

санитариялық-эпидемиологиялық қадағалау органдарына шұғыл хабарлама жібереді және науқасты емделуі үшін тұратын жері бойынша тиісті емдеу-профилактикалық ұйымына жібереді.

14. Тиісті аумақтағы және көліктегі мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қадағалау органы осы адамдар эпидемиологиялық маңызды объектілерде жұмыс істейтін болса, осындай адамдарды жұмыстан шеттетеді.

15. Медициналық ұйым:

1) мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қызмет органдарымен келісілген міндетті медициналық тексеруге жататын контингенттердің тізімдерін алған кезде міндетті медициналық тексеріп-қарау өткізу үшін комиссия құрады және күнтізбелік жоспар құрады, онда дәрігерлік комиссия құрамын, әсер ететін зиянды өндірістік факторлардың ерекшеліктерін есепке ала отырып зертханалық және басқа да зерттеулердің түрі мен көлемі, дәрігерлік комиссия жұмысының уақыты мен мерзімі анықталады. Міндетті мерзімдік медициналық тексеріп-қараулар өткізетін медицина қызметкері болмағанда және жеткіліксіз болғанда қажетті зерттеулер қызметтің аталған түріне лицензиясы бар басқа медициналық ұйымдарда жүргізіледі. Жоспар ұйымның әкімшілігімен (жұмыс берушімен) келісіледі;

2) медициналық ұйымның басшысы кәсіптік патология бойынша кәсіби қайта даярлығы және маман (кәсіптік патолог) сертификаты бар дәрігер-кәсіптік патолог төраға болуы тиіс дәрігерлік комиссия құрамын бекітеді. Дәрігерлік комиссия құрамына өз мамандықтары шеңберінде кәсіптік патология бойынша даярлықтан өткен мына медицина қызметкерлері кіреді: терапевт, хирург, невропатолог, отоларинголог, офтальмолог, дерматовенеролог, гинеколог, рентгенолог, функционалдық диагностика бойынша дәрігер, дәрігер-зертханашы.

Дәрігерлік комиссияның жұмысына қажет болған жағдайда басқа мамандар (тіс дәрігері, кардиолог, аллерголог, эндокринолог, фтизиатр, гематолог) да тартылады;

3) міндетті мерзімдік медициналық тексеріп-қарауларға қатысатын медицина қызметкерлері жұмыс беруші ұсынған жұмыскерлердің еңбек жағдайы мен кәсіптік қызметінің сипаттамасымен танысуы тиіс;

4) тоқсан сайын міндетті мерзімдік медициналық тексеріп-қарауларды өткізу бойынша медициналық ұйымның жұмысы туралы жиынтық есепті осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес аумақтық мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қадағалау органдарына ұсынады;

5) міндетті мерзімдік медициналық тексеріп-қарау аяқталған соң ауыр жұмыстарда, зиянды (өте зиянды) және қауіпті еңбек жағдайларында жұмыс істейтін жұмыскерлердің нәтижелерін қорытындылайды және осы Қағидаларға 2

-қосымшаға сәйкес нысан бойынша 5 данада қорытынды акт жасайды, оны өткізілген міндетті мерзімдік медициналық тексеріп-қараудан кейін күнтізбелік 30 күн ішінде мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қадағалау органдарына ұсынады. Актіге қосымшаларда басқа жұмысқа ауысу ұсынылған, стационарлық және санаториялық-курорттық емдеу, диеталық тамақтану, динамикалық бақылау көрсетілген адамдардың аты-жөні жазылған тізім беріледі. Қорытынды актілер қол қойылғаннан кейін орындалуы үшін ұйымның әкімшілігіне, кәсіподақ комитетіне, бақылау үшін мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қадағалау органдарына, жұмыс үшін жұмыс берушінің орналасқан орны бойынша аумақтық медициналық ұйымдарға беріледі, бір данасы міндетті мерзімдік медициналық тексеріп-қарау өткізген медициналық ұйымда қалады;

6) міндетті мерзімдік медициналық тексеріп-қарау деректері денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган бекіткен нысан бойынша амбулаториялық пациенттің медициналық картасына және осы қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша амбулаториялық пациенттің медициналық картасына тіркелген қосымша параққа енгізіледі. Бұл ретте, міндетті мерзімдік медициналық тексеріп-қарауға қатысатын әрбір медицина қызметкері кәсіптік жарамдылық туралы өз қорытындысын береді. Амбулаториялық пациенттің медициналық картасының қосымша парағына кәсіптік бағдардың деректері енгізіледі. Жұмыстан шығу және басқа ұйымға ауысу кезінде амбулаториялық пациенттің міндетті медициналық тексеріп-қараулар деректері бар медициналық картасы жаңа жұмыс орны бойынша медициналық ұйымға беріледі.

Міндетті мерзімдік медициналық тексеріп-қарау амбулаториялық пациенттің тұратын жері бойынша медициналық картасы немесе оның көшірмесі болған жағдайда жүргізілуі тиіс;

7) міндетті мерзімдік медициналық тексеріп-қараудан өткен және зиянды өндірістік факторлармен жұмыс істеуге жарамды деп танылған адамдарға денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган бекіткен нысан бойынша медициналық анықтама беріледі;

Кәсіптік жарамдылық туралы сараптамалық қорытынды медициналық тексеріп-қарау түріне қарамастан, тұратын жерінің медициналық құжаттамасын есепке ала отырып ресімделеді;

8) зиянды және (немесе) қауіпті еңбек жағдайларында жұмыс істеуге қарсы айғақ болған адамдарға қорытынды қолға берілмейді, үш күндік мерзімде жұмыс берушіге жіберіледі, бұл ретте зиянды өндірістік факторлармен жұмыс істеуге қарсы айғақ болған адам бұл туралы хабардар етіледі;

16. Жұмыс беруші:

1) мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қадағалау органдарынан

міндетті мерзімдік медициналық тексеріп-қарауға жататын контингент туралы деректерді алғаннан кейін жұмыскерлер әсерлеріне ұрылатын өндірістер, цехтар, ауыр жұмыстар, зиянды (өте зиянды) және (немесе) қауіпті еңбек жағдайларындағы жұмыстарды, сондай-ақ осы еңбек жағдайларындағы жұмыс өтілін көрсете отырып, адамдардың аты-жөні жазылған тізімді бір ай мерзім і ш і н д е ж а с а й д ы ;

2) өз қаражаты есебінен мерзімдік медициналық тексеріп-қарау өткізуді ұ й ы м д а с т ы р а д ы ;

3) кәсіптік аурулармен ауыратын және оларға күдікті адамдарды терең зерттеу және емдеу үшін медициналық ұйымға уақтылы жіберуді қамтамасыз е т е д і ;

4) жыл сайын мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қызмет органдарымен келісілген, анықталған науқастарды сауықтыру жөніндегі і с - ш а р а л а р ж о с п а р ы н ә з і р л е й д і .

17. Міндетті мерзімдік медициналық тексеріп-қарау нәтижелері бойынша кейіннен жұмыскердің диспансерлік топтардың біріне тиесілілігін анықтай отырып және кәсіптік аурулардың және әлеуметтік маңызды аурулардың профилактикасы бойынша ұсынымдарды ресімдей отырып – одан әрі бақылау, емдеу және оңалту бойынша топтар құрылады:

1) оңалтуды қажет етпейтін дені сау жұмыскерлер;

2) әртүрлі ағзалары мен жүйелерінде тұрақты емес функционалдық өзгерістері бар, і с жүзінде дені сау жұмыскерлер;

3) жалпы аурулардың бастапқы түрлерімен ауыратын жұмыскерлер;

4) мамандығында жұмысын жалғастыруға қарсы айғақ болып табылатын, сонымен қатар қарсы айғақ болып табылмайтын жалпы аурулардың айқын түрлері б а р ж ұ м ы с к е р л е р ;

5) организмге зиянды өндірістік факторлар әсерінің белгілері бар ж ұ м ы с к е р л е р ;

6) кәсіптік аурулардың белгілері бар жұмыскерлер.

18. Әртүрлі ағзалары мен жүйелерінің тұрақты емес функционалдық өзгерістері бар, і с жүзінде дені сау жұмыскерлер; жалпы аурулардың бастапқы түрлері бар жұмыскерлер; мамандығында жұмысты жалғастыруға қарсы айғақ болып табылатын, сонымен қатар қарсы айғақ болып табылмайтын жалпы аурулардың айқын белгілері бар жұмыскерлер және кәсіптік аурулармен ауыратын адамдар медициналық тексеру нәтижелері бойынша тұратын жері бойынша медициналық ұйымда диспансерлік бақылауға жатады.

19. Мамандығында жұмысты жалғастыруға қарсы айғақ болып табылатын, сонымен қатар қарсы айғақ болып табылмайтын жалпы аурулардың айқын түрлері бар жұмыскерлер емдеу-оңалту бейініндегі медициналық ұйымдарға

оңалтуға жіберіледі, содан кейін оларға қатысты кәсіптік жарамдылыққа сараптау жүргізіледі. Медициналық оңалту кезеңінен кейін еңбекке жарамды деп танылған жұмыскерлер жалпы аурулардың алғашқы түрлері бар адамдар тобында диспансерлік бақылауға жатады.

20. Организмге зиянды өндірістік факторлардың әсер ету белгілері және кәсіптік аурулар белгілері бар жұмыскерлер аурудың мамандықпен байланысын белгілеу бойынша қызметті жүзеге асыратын медициналық ұйымға жіберіледі.

21. Кәсіптік аурулармен ауыратын адамдар өнеркәсіптік кәсіпорынға қызмет көрсететін немесе тұратын жері бойынша медициналық ұйымның кәсіптік патологияда диспансерлік есепте тұрады.

22. Міндетті мерзімдік медициналық тексеріп-қарау нәтижелері бойынша жұмыскерлерді емдеуге жатқызу мынадай үш негізгі кезеңнен тұратын кезеңдік оңалту қағидалары негізінде жүзеге асырылады:

1) бірінші кезең: өнеркәсіптік кәсіпорындар жанындағы денсаулық сақтау пункттерінде, санаторий-профилакторийлерде іс жүзінде дені сау жұмыскерлерде аурулардың профилактикасы бойынша іс-шаралар;

2) екінші кезең: "тәуекел тобы" адамдарын: суық тиіп жиі және ұзақ ауыратын, әртүрлі функционалдық бұзылулары бар, жалпы аурулардың алғашқы түрлері бар, кәсіптік аурулардың клиникаға дейінгі белгілері бар адамдарды диспансерлік бақылауды және санаториялық-курорттық сауықтыру кезеңін міндетті түрде қоса отырып, амбулаториялық және стационарлық жағдайларда тұрақты профилактикалық емдеу жолымен медициналық оңалту.

3) үшінші кезең: кәсіптік аурулары бар науқастарды, оның ішінде осы аурулардың салдарынан мүгедек болған адамдарды аурудың мамандықпен байланысын белгілеу бойынша қызметті жүзеге асыратын медициналық ұйым жағдайларында, қызметтің осы түріне лицензиясы бар санаторийлік-курорттық сауықтыру орындарында оңалту.

23. Кәсіпорындардағы науқастарды, жұмыскерлерді емдеуге жатқызуды және медициналық оңалтуды бақылау аумақтық медициналық ұйымдарды және кәсіпорындарға қызмет көрсетуді жүзеге асыратын медициналық ұйымдарды тарта отырып, облыстық (қалалық) кәсіптік патология кабинеттеріне жүктеледі.

24. Мамандық бойынша міндеттерді орындауға жарамдылықты анықтау кезінде жалпы және жеке медициналық қарсы айғақтарды денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган белгілейді.

25. Ауысым алдындағы медициналық куәландыру – жеке тұлғада аурудың болуын немесе жоқтығын анықтау немесе растау, денсаулық жағдайын, сондай-ақ уақытша еңбекке жарамсыздығын, осы ауысымдағы жұмысқа кәсіптік жарамдылығын анықтау.

25-1. Рейс алдындағы және рейстен кейінгі медициналық тексеріп-қарау –

жеке тұлғада аурудың бар немесе жоқ екенін анықтау немесе растау, денсаулық жағдайын анықтау, сондай-ақ механикалық көлік құралдарын жүргізушілердің алкогольдік мас күйін және есірткі заттарын тұтынуын рейс басталар алдында және рейс аяқталғаннан кейін анықтау. Көлік құралдарын жүргізушілерді рейс алдындағы және рейстен кейінгі міндетті медициналық тексеріп-қарауды өткізу қағидаларын денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган бекітеді.

Ескерту. Қағида 25-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 31.07.2014 № 867 қаулысымен (20.10.2014 бастап қолданысқа енгізіледі).

26. Кәсіптер бойынша ауысым алдындағы медициналық куәландыру (бұдан әрі – куәландыру) көлік пен жабдықты пайдалануды жүзеге асыратын медициналық ұйымның штаттық медицина қызметкері (наркологиялық диспансерде (ауруханада) арнайы дайындықтан өткен) немесе ұйыммен (жеке кәсіпкермен) арадағы шарт бойынша медициналық ұйымның медицина қызметкері жүргізеді.

27. Медициналық ұйым Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен алынған лицензияға сәйкес кәсіптер бойынша куәландыру жөніндегі қызметтерді көрсетеді.

28. Кәсіптер бойынша куәландыру өткізу мәселелері бойынша медицина қызметкерін даярлауды наркологиялық диспансерлер (ауруханалар) жүзеге асырады.

29. Кәсіптер бойынша куәландыру жұмыс берушінің бақылауы немесе медициналық ұйымның медицина қызметкерінің әдістемелік нұсқауымен жүргізіледі.

30. Куәландыру жүргізу үшін ұйым (жеке кәсіпкер) немесе медициналық ұйым жылыту, сумен жабдықтау, кәріз, жарықтандыру жүйелерімен жабдықталған, медициналық жабдықпен және құрал-саймандармен жарақталған арнайы үй-жай бөледі.

31. Куәландыру жұмыс ауысымының (кезекшіліктің) басталуы алдында 30 минут бұрын (автокөлік құралдарының жүргізушілері үшін) және бағдар (жол) қағазын, ұшуды орындауға тапсырманы немесе нарядты көрсеткен кезде рейстің (ұшудың) алдында 1 сағат бұрын жүргізіледі. Бір күн ішінде бірнеше рейстерді (ұшуларды) орындау қажет болған жағдайда куәландыру бірінші рейстің (ұшудың) алдында бір мәрте жүргізіледі.

32. Куәландыру жүргізу нәтижелері осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес журналда тіркеледі.

33. Журналды куәландыру жүргізген медицина қызметкері толтырады және куәландыру жүзеге асырылатын кабинетте сақталады.

34. Медицина қызметкерлері көрсетілген кәсіптер бойынша жұмыс істейтін адамдарды шеттету себептерін талдайды және талдау негізінде тәуекел топтарын

кұрады, оларға алкогольді және психоактивті заттарды пайдалануға бейім, ұзақ және жиі ауыратын (созылмалы аурулардан зардап шегетін) адамдар кіреді.

Міндетті медициналық
тексеріп-қарауды өткізу
қағидаларына
1-қосымша

20 ____ жылдың ____ тоқсанында өткізілген мерзімдік медициналық
тексеру туралы денсаулық сақтау субъектісінің есебі

№	Объектінің атауы	Тексеруге жатады		Тексерілді	Кәсіптік ауруларға күдікті адамдар анықталды	
		Барлығы	Әйелдер	Барлығы	Барлығы	Әйелдер
Соматикалық аурулармен анықталды			Оның ішінде			Стационарлық тексеруге және емдеуге жіберілді
Барлығы	Оның ішінде алғаш анықталды		Уақытша ауыстыруды қажет етеді	Тұрақты ауыстыруды қажет етеді		

Денсаулық сақтау субъектісінің бас дәрігері _____
Т.А.Ә. Қолы

Міндетті медициналық
тексеріп-қарауды
өткізу қағидаларына
2-қосымша

Нысан

ҚОРЫТЫНДЫ АКТ

20 ____ жылғы " ____ " _____

20 ____ жылы _____ жұмыскерлеріне
(ұйымның (кәсіпорынның), цехтың атауы)

өткізілген мерзімдік медициналық тексерулер (зерттеу) нәтижелері бойынша
мыналардың қатысуымен қорытынды акт жасалды:
Дәрігерлік комиссияның төрағасы _____

(Т . А . Ә . , лауазымы)

Мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қызмет органының еңбек
гигиенасы жөніндегі маманы
Жұмыс берушінің өкілі _____

(Т . А . Ә . , лауазымы)

Еңбек ұжымының өкілі _____
(Т . А . Ә . , лауазымы)

1. Ұйым (кәсіпорын), цех жұмыскерлерінің саны:

барлығы	
---------	--

оның ішінде әйелдер	
---------------------	--

2. Ұйымның (кәсіпорынның), цехтың зиянды және (немесе) қауіпті заттармен және өндірістік факторлармен жұмыс істейтін, сондай-ақ жұмыстардағы* жұмыскерлерінің саны:

барлығы	
оның ішінде әйелдер	

3. Міндетті медициналық тексеруге жататын, зиянды және (немесе) қауіпті заттармен және өндірістік факторлармен жұмыс істейтін, сондай-ақ осы жылғы жұмыстардағы жұмыскерлердің саны:

барлығы	
оның ішінде әйелдер	

4. Мерзімдік медициналық тексеруден (зерттеуден) өткен жұмыскерлер саны:

барлығы	
оның ішінде әйелдер	

5. Мерзімдік медициналық тексерумен қамтылу %:

барлығы	
оның ішінде әйелдер	

6. Мерзімдік медициналық тексеруді (зерттеуді) аяқтамаған жұмыскерлер саны:

барлығы	
оның ішінде әйелдер	

Мерзімдік медициналық тексеруді (зерттеуді) аяқтамаған жұмыскерлердің аты-жөні жазылған тізім:

№	Тегі, аты, әкесінің аты	Кәсіпорынның бөлімшесі

7. Мерзімдік медициналық тексеруден (зерттеуден) өтпеген жұмыскерлер саны:

барлығы,	
оның ішінде әйелдер	
оның ішінде себептер бойынша жалпы санның	
сырқаттану парағы	
іссапар	
кезекті демалыс	
жұмыстан босату	
өтуден бас тарту	

Мерзімдік медициналық тексеруден (зерттеуден) өтпеген жұмыскерлердің аты-жөні жазылған тізім:

№	Тегі, аты, әкесінің аты	Кәсіпорынның бөлімшесі	Себебі

№ 1 жиынтық кесте

№ 2 жиынтық кесте

кестенің жалғасы

9. Кәсіптік ауруға күдікті адамдар анықталды:

Р/с №	Т.А. Ә.	Кәсіпорынның бөлімшесі	Кәсібі, лауазымы	Зиянды және (немесе) қауіпті заттар және өндірістік факторлар

10. Өмірінде бірінші рет соматикалық аурулар анықталды:

№	АХЖ-10 бойынша ауру сыныбы	Жұмыскерлер саны (барлығы)

11. Өмірінде бірінші рет созылмалы кәсіптік аурулар анықталды:

№	АХЖ-10 бойынша ауру сыныбы	Жұмыскерлер саны (барлығы)

12. Жұмыскерлерге өткізілген мерзімдік медициналық тексеру (зерттеу) нәтижелері бойынша 20___жылғы "___" _____ алдыңғы қорытынды актінің ұсынымдарын орындау нәтижелері.

№	Іс-шаралар	Жатқаны (адам)	Орындалды	
			абс.	%-бен
1	Кәсіптік патология орталығында зерттеу			
2	Толық зерттеу			
3	Амбулаториялық зерттеу және емдеу			
4	Стационарлық зерттеу және емдеу			
5	Санаторийлік-курорттық емдеу			
6	Диеталық тамақтану			
7	Диспансерлік бақылауға алынды			

13. Жұмыс берушіге ұсынымдар: санитариялық-профилактикалық және сауықтыру іс-шаралары және т.б.: _____

Е с к е р т п е :

* Зиянды факторлар тізбесіне және Жұмыстар тізбесіне сәйкес зиянды және/немесе қауіпті өндірістік факторлар мен жұмыстар.

** Зиянды факторлар тізбесіне және Жұмыстар тізбесіне сәйкес зиянды және/немесе қауіпті өндірістік факторлар мен жұмыстар тармақтарын санамалау.

Қ о л д а р ы :

Дәрігер (кәсіптік патолог, терапевт) _____

Мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық
қызмет маманы _____

Жұмыс берушінің өкілі _____

Ұйымның кәсіподақ комитетінің өкілі _____

Денсаулық сақтау субъектісінің _____ Мөр орны
басшысы _____ Т.А.Ә _____

_____ Қолы

Мемлекеттік санитариялық- _____ Мөр орны Т.А.Ә
эпидемиологиялық қызмет _____

о р г а н ы н ы ң _____ б а с ш ы с ы

_____ Қолы

Ұйым басшысы (жұмыс беруші) _____ Мөр орны
_____ Қолы Т.А.Ә _____

Ұйымның кәсіподақ комитетінің _____ Мөр орны
төрағасы _____ Т.А.Ә _____

_____ Қолы

М і н д е т т і _____ м е д и ц и н а л ы қ

т е к с е р і п - қ а р а у д ы

ө т к і з у _____ қ а ғ и д а л а р ы н а

3-қосымша

Нысан

Медициналық тексерулердің қосымша парағы
№ _____

1. Медициналық тексеру өткізілген күн _____

2. Кәсіпорынның атауы: _____

3. Құрылымдық бөлімшенің атауы (цех, учаске, бөлім, бөлімше және т.б.) _____

4. Қазіргі уақыттағы кәсібі немесе лауазымы _____

5. Жалпы жұмыс өтілі _____
(жылдар саны көрсетіледі)

6. Кәсіптегі жұмыс өтілі _____
(жылдар саны көрсетіледі)

7. Қазіргі уақыттағы еңбек жағдайлары

Зиянды және қауіпті өндірістік фактордың атауы	Фактормен жұмыс істеу өтілі (айтуы бойынша)

Жұмыстың басталу және аяқталу айы мен жылы	Жұмыс ұзақтығы	Кәсіпорын	Кәсіп

[illegible]

20__ж.	" "		20__ж.	" "	
20__ж.	" "		20__ж.	" "	
20__ж.	" "		20__ж.	" "	
20__ж.	" "		20__ж.	" "	
20__ж.	" "		20__ж.	" "	
20__ж.	" "		20__ж.	" "	
20__ж.	" "		20__ж.	" "	
20__ж.	" "		20__ж.	" "	
20__ж.	" "		20__ж.	" "	
20__ж.	" "		20__ж.	" "	
20__ж.	" "		20__ж.	" "	
20__ж.	" "		20__ж.	" "	
20__ж.	" "		20__ж.	" "	
20__ж.	" "		20__ж.	" "	
20 ж. "	"	20 ж. "	"		

[illegible]

P/c №	Зерттеулер (талдаулар)	Орындалу күні	Тексеру нәтижелері бойынша қорытынды (жарамды, жарамсыз, қорытынды берілмеді)

12. Еңбекке жарамдылық туралы қорытынды: алдын ала тексеру кезінде: жарамды, жарамсыз (керегінің астын сызу керек) мерзімдік медициналық тексеру кезінде: өз кәсібі бойынша еңбекке жарамды, басқа жұмысқа ____ ай мерзіміне уақытша ауысу, басқа жұмысқа тұрақты ауысу (керегінің астын сызу керек)

13. Ұ с ы н ы м д а р :

емханада зерттеу және емдеу; стационарда зерттеу және емдеу; жоғары мамандандырылған медициналық көмек көрсететін медициналық ұйымға жіберу; санаторийлік-курорттық емдеуге жіберу (керегінің астын сызу керек)

Берілген күні _____

Комиссия төрағасының қолы

Міндетті медициналық

тексеріп - қарауды

өткізу қағидаларына

4-қосымша

Нысан

Ауысым алдында медициналық

куәландыру жүргізу журналы

Күні	Тегі, аты, әкесінің аты	Табель нөмірі	Шағымы	Артериялық қысымы	Тамыр соғуы	Дене температурасы	Алкогольдің немесе басқа да психоактивті заттың бар-жоғына сынама	Болжанған диагнозын көрсетіп маманға жолдама	Медицина қызметкерінің қолы

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2012 жылғы 25 қаңтардағы

№ 166 қаулысымен

бекітілген

Міндетті медициналық тексеріп-қарау өткізілетін зиянды өндірістік факторлардың, кәсіптердің тізбесі

1. Жұмыскерлерді алдын ала және мерзімдік медициналық тексеру міндетті қауіпті және зиянды заттар, қолайсыз өндірістік факторлар және жұмысқа жіберуге медициналық қарсы айғақтар

№	Қауіпті және зиянды заттар мен өндірістік факторлар	Тексерулер мерзімділігі	Дәрігерлердің, мамандардың қатысуы	Зертханалық және функционалдық зерттеулер	Медицинал айғақтар
1	2	3	4	5	6
1.Қауіпті және зиянды заттар					
1. Химиялық қосындылар мен элементтер					
1	Азоттық бейорганикалық қосындылары (азот қышқылы, аммиак, азот оксиді)	Жылына бір рет	Кәсіптік патолог, терапевт, оториноларинголог	Қанның жалпы талдауы, несептің жалпы талдауы, спирография, электрокардиография (бұдан әрі – ЭКГ), флюорография (бұдан әрі – ФГ)	Жоғары жолдарының жан-жақты өзгерісте гиперпласт Бронх өк созылмалы
2	Алифатиялық (шекті, шекті емес) және хош істі альдегидтер (формальдегид ^А , ацетальдегид, акролин, бензальдегид, фталды альдегид)	Жылына 1 рет	Кәсіптік патолог, терапевт, оториноларинголог, невропатолог, дерматовенеролог, алерголог	Тромбоциттермен қанның жалпы талдауы, несептің жалпы талдауы, спирография, ЭКГ, ФГ	Жан-жақты бұзылулар тыныс ал аллергиялы бронх өк созылмалы Қанның аурулары
3	Альдегидтер және кетондар галоген туындылары (хлорбензальдегид, фторацетон, хлорацетофенон)	Жылына 1 рет	Кәсіптік патолог, терапевт, дерматовенеролог, офтальмолог, оториноларинголог, алерголог	Қанның жалпы талдауы, несептің жалпы талдауы, спирография, ЭКГ, ФГ	Терінің аурулары. дистрофия. және жоғары жолдарының аурулар Көздің алқабақ, м конъюнктив жолдары) аурулары
4	Органикалық қышқылдардың аминдері, амидтері, анидтер және басқа да туындылары (диметилформамид,	Жылына 1 рет	Кәсіптік патолог, терапевт, невропатолог, оториноларинголог, дерматовенеролог, алерголог	Қанның жалпы талдауы, несептің жалпы талдауы, канбилирубині, аланинаминотрансфераза (бұдан әрі - әрі АЛАТ), ЭКГ, ФГ, спирография	Периферия жүйесінің аурулар Терінің созылмалы Бронх өк созылмалы Жан-жақты бұзылулар тыныс ал

	диметилацетамид, капролактама ^А)				аллергиялы Айқындал тамырлары
5	Бериллий және оның қосындылары ^А	Жылына 1 рет	Кәсіптік патолог, терапевт, оториноларинголог, дерматовенеролог, аллерголог, онколог	Қанның жалпы талдауы, несептің жалпы талдауы, спирография, ЭКГ, ФГ, алдына ала тексеру кезінде тік және бүйір рентгенограммасы, кеуденің қайталама рентгенограммасы 5 жылдан кейін, 5-10 жыл өтілі болған кезде 2 жылда 1 рет	Бронх өк созылмалы Терінің созылмалы Жан-жақты бұзылулар тыныс ал аллергиялы Гиперпласт (бериллий ерітінділер кезінде Аллергиялы
6	Бор және оның қосындылары (боракарбид ^Ф , нитрид ^Ф)	Жылына 1 рет	Кәсіптік патолог, терапевт, оториноларинголог, аллерголог	Қанның жалпы талдауы, несептің жалпы талдауы, спирография, ФГ, алдын ала тексеру кезінде тік және бүйір рентгенограммасы, 5-10 жыл өтілі болған кезде 2 жылда 1 рет, 10 жылдан астам өтілі болған кезде жыл сайын	Жан-жақты бұзылулар тыныс ал аллергиялы Бронхы өк созылмалы
7	Бор сутектері	Жылына 1 рет	Кәсіптік патолог, терапевт, оториноларинголог, аллерголог	Қанның жалпы талдауы, несептің жалпы талдауы, спирография, қанның билирубині, АЛАТ, ЭКГ, ФГ	Жан-жақты бұзылулар тыныс ал аллергиялы Бронх өк созылмалы
8	Хлор, бром ^А , йод ^А , сутегімен қосындысы, оксидтер	Жылына 1 рет	Кәсіптік патолог, терапевт, оториноларинголог, дерматовенеролог, офтальмолог, аллерголог	Қанның жалпы талдауы, несептің жалпы талдауы, спирография, ЭКГ, ФГ	Жан-жақты бұзылулар тыныс ал аллергиялы Бронх өк созылмалы Терінің созылмалы Көздің ал созылмалы
9	Фтор және оның бейорганикалық қосындылары	Жылына 1 рет	Кәсіптік патолог, терапевт, невропатолог, оториноларинголог,	Қанның жалпы талдауы, несептің жалпы талдауы, спирография, ЭКГ, ФГ, 5 жылдан астам өтілі болған кезде 3 жылда 1 рет мұрағатта	Созылмалы және атроф Гиперпласт . Мұрын шырышты эрозиясы. . аурулары. нерв жүйес аурулар Сүйек зақымданған аппаратын

			стоматолог, дерматовенеролог, офтальмолог,	барлық рентгенограммаларды сақтай отырып, түтікше сүйектерінің рентгенографиясы	а у р у ы . Бронх өк созылмалы Терінің созылмалы Көздің ал созылмалы
10	Фосгендер	Жылына 1 рет	Кәсіптік патолог, терапевт, оториноларинголог	Қанның жалпы талдауы, несептің жалпы талдауы спирография, ЭКГ, ФГ	Өкпе бро созылмалы
11	Гидразин және оның туындылары (фенилгидразин)	Жылына 1 рет	Кәсіптік патолог, терапевт, невролог, дерматовенеролог	Қанның жалпы талдауы, несептің жалпы талдауы, билирубин, АЛАТ, ЭКГ, ФГ	Гепатобил жиіленген болатын со . Терінің созылмалы
12	Кадмий және оның қосындылары	Жылына 1 рет	Кәсіптік патолог, терапевт, оториноларинголог, невролог, аллерголог	Қанның жалпы талдауы, несептің жалпы талдауы, спирография, ЭКГ, ФГ, алдын ала тексеру кезінде тік және бүйір рентгенограммасы, кеуденің қайталама рентгенограммасы 5 жылдан кейін, 5-10 жыл өтілі болған кезде 2 жылда 1 рет, 10 жылдан астам өтілі болған кезде жыл сайын	Жан-жақт бұзылулар тыныс ал аллергиялі Өкпе бро созылмалы Бүйректің : созылмалы
13	Металл карбонилдері: никель, кобальт, темір	Жылына 1 рет	Кәсіптік патолог, терапевт, оториноларинголог, дерматовенеролог, аллерголог	Қанның жалпы талдауы, несептің жалпы талдауы спирография, ЭКГ, ФГ	Жоғары жолдарын дистрофия аллергиялі Аллергиялі
14	Кетондар алифатиялық және хош иісті (ацетон, метилэтилкетон, ацетофенон)	Жылына 1 рет	Кәсіптік патолог, терапевт, оториноларинголог, аллерголог	Қанның жалпы талдауы, несептің жалпы талдауы, спирография, ЭКГ, ФГ	Жоғары жолдарын және : дистрофия
15	Органикалық қышқылдар (құмырсқа, сірке, пропион, май, валериана, капрон, қымыздық, адипин, акрил, нафтен). Галоген туындыларының органикалық қышқылдары хлор сіркесу, трихлор сіркесу, перфтор май, трихлорпропион) Органикалық қышқылдар, ангидридтер	Жылына 1 рет	Кәсіптік патолог, терапевт, офтальмолог, оториноларинголог, дерматовенеролог, аллерголог	Қанның жалпы талдауы, несептің жалпы талдауы спирография, ЭКГ, ФГ	Жоғары жолдарын және : дистрофия Көздің ал созылмалы Терінің а у р у л а р Ауыз қуыс аурулары
16	Фталъ ^А қышқылы	Жылына 1 рет	Кәсіптік патолог, терапевт, дерматовенеролог, аллерголог	Қанның жалпы талдауы, несептің жалпы талдауы, ЭКГ, ФГ	Аллергия аутоиммун

17	Кобальт ^A	Жылына 1 рет	Кәсіптік патолог, терапевт, оториноларинголог, дерматовенеролог, аллерголог	Қанның жалпы талдауы, несептің жалпы талдауы, спирография, ЭКГ, ФГ, алдын ала тексеру кезінде тік және бүйір рентгенограммасы, кеуденің қайталама рентгенограммасы 5 жылдан кейін, 5-10 жыл өтілі болған кезде екі жылда 1 рет, 10 жылдан астам өтілі болған кезде жыл сайын	Аллергиял Терінің аурулары
18	Ванадий, молибден, вольфрам, ниобий, тантал және олардың қосындылары	Жылына 1 рет	Кәсіптік патолог, терапевт, оториноларинголог, дерматовенеролог	Қанның жалпы талдауы, несептің жалпы талдауы, спирография, ЭКГ, ФГ, алдын ала тексеру кезінде тік және бүйір рентгенограммасы, кеуденің қайталама рентгенограммасы 5 жылдан кейін, 5-10 жыл өтілі болған кезінде 2 жылда 1 рет, 10 жылдан астам өтілі болған кезде жыл сайын	Тыныс ал және тері қайталама аурулары
19	Кремнийдің органикалық қосындылары (силандар)	Жылына 1 рет	Кәсіптік патолог, терапевт, оториноларинголог, дерматовенеролог, офтальмолог	Қанның жалпы талдауы, несептің жалпы талдауы, спирография, ЭКГ, ФГ	Жоғары жолдарының және дистрофия. Гиперпласт. Жиі асқынған жүйесінің аурулар. Көздің ал созылмалы. Аллергиял шыны талшы жұмыстары
20	Марганец ^A және оның қосындылары	Жылына 1 рет	Невропатолог, терапевт, оториноларинголог, дерматовенеролог, аллерголог	Қанның жалпы талдауы, несептің жалпы талдауы, спирография, ЭКГ, ФГ, алдын ала тексеру кезінде тік және бүйір рентгенограммасы, кеуденің қайталама рентгенограммасы 5 жылдан кейін, 5-10 жыл өтілі болған кезде 2 жылда 1 рет, 10 жылдан астам өтілі болған кезде жыл сайын	Жоғары жолдарының және дистрофия. Аллергиял. Периферия жүйесінің аурулар. Өкпе бронх созылмалы. Орталық аурулары.
			Кәсіптік патолог, терапевт,		Жоғары жолдарының және дистрофия. Жоғары

21	Мыс және оның қосындылары. Күміс, алтын және оның қосындылары	Жылына 1 рет	оториноларинголог, аллерголог	Қанның жалпы талдауы, несептің жалпы талдауы, спирография, ЭКГ, ФГ	жолдарын аурулар Жиі асқерпатобили созылмалы
22	Сілтілі металдар және оның қосындылары (натрий, калий, рубидий, цезий, натрий, калий гидро татығы). Жер-сілтілі металдары (кальций, стронций, барий және олардың қосындылары). Сирек кездесетін металдар (лантан, итрий, скандий, цезий және олардың қосындылары)	Жылына 1 рет	Кәсіптік патолог, терапевт, оториноларинголог, дерматовенеролог, көрсеткіштер бойынша аллерголог	Қанның жалпы талдауы, несептің жалпы талдауы, спирография, ЭКГ, ФГ	Жоғары жолдарын және дистрофия. Қайталама ішінде тері аурулары.
23	Литий	Жылына 1 рет	Кәсіптік патолог, терапевт, офтальмолог, оториноларинголог, дерматовенеролог	Қанның жалпы талдауы, ЭКГ, ФГ	Көру жүі торқабықты
24	Күшәла және оның бейорганикалық және органикалық қосындылары	Жылына 1 рет	Кәсіптік патолог, терапевт, невропатолог, оториноларинголог, дерматовенеролог, гинеколог, онколог	Қанның жалпы талдауы, ретикулоциттер, АЛАТ, билирубин, ЭКГ, ФГ	Жоғары жолдарын және дистрофия. Өкпе брон созылмалы Перифери жүйесінің аурулар Терінің созылмалы Кез кел орналасқан
25	Никель және оның қосындылары А.К	Жылына 1 рет	Кәсіптік патолог, терапевт, оториноларинголог, дерматовенеролог, аллерголог, гинеколог, онколог	Қанның жалпы талдауы, спирография, ЭКГ, ФГ, алдын ала тексеру кезінде тік және бүйір рентгенограммасы, кеуденің қайталама рентгенограммасы 5 жылдан кейін, 5-10 жыл өтілі болған кезде 2 жылда 1 рет, 10 жылдан астам өтілі болған кезде жыл сайын	Жоғары жолдарын және дистрофия аурулары (жасаған гиперпласт. Газтұтқыш істеуге кел тыныс ал және жүреі жүйесінің Кез кел орналасқан Аллергиял Өкпе брон созылмалы

26	Озон	Жылына 1 рет	Кәсіптік патолог, терапевт, оториноларинголог, көрсеткіш бойынша аллерголог	Қанның жалпы талдауы, несептің жалпы талдауы, ЭКГ, ФГ	Жоғары жолдарының және дистрофия. Өкпе бронхиті созылмалы
27	Органикалық тотықтар (этилен тотығы, пропилен тотығы, эпихлоргидрин ^А , гидрототықтар) бейорганикалық тотықтар (пергидроль)	Жылына 1 рет	Кәсіптік патолог, терапевт, оториноларинголог, дерматовенеролог, айғақ бойынша аллерголог	Қанның жалпы талдауы, несептің жалпы талдауы, спирография, ЭКГ, ФГ	Терінің аурулары Жоғары жолдарының және дистрофия
28	Қалайы және оның қосындылары	Жылына 1 рет	Кәсіптік патолог, терапевт	Қанның жалпы талдауы, несептің жалпы талдауы, спирография, ЭКГ, ФГ	Өкпе бронхиті созылмалы
29	Платина металдары және олардың қосындылары ^А (рутений, родий, палладий, осмий, иридий, платина)	Жылына 1 рет	Кәсіптік патолог, терапевт, оториноларинголог, дерматовенеролог, аллерголог	Қанның жалпы талдауы, несептің жалпы талдауы, спирография, ЭКГ, ФГ	Жоғары жолдарының және окшауланған аурулары Созылмалы аурулар.
30	Сынап және оның қосындылары	Жылына 1 рет	Кәсіптік патолог, терапевт, невропатолог, стоматолог	Қанның жалпы талдауы, несептегі сынапты анықтау, ЭКГ, ФГ	Перифериялық жүйесінің аурулары Невроздың Айқын вегетативтік Жақ және созылмалы стоматит, п
31	Қорғасын және оның бейорганикалық қосындылары	Жылына 1 рет	Кәсіптік патолог, терапевт, невропатолог, айғақтар бойынша гематолог	Қанның жалпы талдауы, эритроциттер, ретикулоциттер саны, базофилді түйіршіктілігі бар эритроциттер саны, қандағы және несептегі қорғасын, ЭКГ, ФГ	Ерлерде 6 миллиграмм мг/л) кем 120 мг/л болуы. Перифериялық жүйесінің аурулары Бауырдың асқынатын
32	Тетраэтил қорғасыны	Жылына 1 рет	Кәсіптік патолог, терапевт, невропатолог, көрсеткіш бойынша психиатр	Қанның жалпы талдауы, эритроциттер, ретикулоциттер саны, базофилді түйіршіктілігі бар эритроциттер саны, қандағы және несептегі қорғасын, ЭКГ, ФГ	Нерв жүйесі аурулары.
33	Селен, теллур және олардың қосындылары	Жылына 1 рет	Кәсіптік патолог, терапевт, оториноларинголог	Қанның жалпы талдауы, спирография, ЭКГ, ФГ	Өкпе бронхиті созылмалы

34	Күкірт оксидтері, қышқылдары	Жылына 1 рет	Терапевт, оториноларинголог, офтальмолог, аллерголог	Қанның жалпы талдауы, спирография, ЭКГ, ФГ	Жоғары жолдарының субатрофия аллергиялы ішінде м қосындыла істеу кез аллергиялы Өкпе брои созылмалы Көздің сози .
35	Күкірт сутегі	Жылына 1 рет	Невропатолог, терапевт, оториноларинголог, офтальмолог, дерматовенеролог	Қанның жалпы талдауы, спирография, ЭКГ, ФГ	Көздің сози . Жоғары жолдарының және дистрофия. Аллергиялы ішінде тері аурулары. жүйесінің аурулары.
36	Күкіртті көміртек	Жылына 1 рет	Невропатолог, терапевт, айғақтар бойынша офтальмолог, кардиолог, психиатр	Қанның жалпы талдауы, ЭКГ, ФГ	Перифери. жүйесінің аурулары. жұмыс іс болатын жолдарының қан тамыр аурулар Көздің сози . Айқындал тамырлары
37	Тетраметилтиурамдисульфид А (тиурам Д)	Жылына 1 рет	Кәсіптік патолог, терапевт, невропатолог, дерматовенеролог, оториноларинголог	Қанның жалпы талдауы, несептің жалпы талдауы, билирубин, АЛАТ, ЭКГ, ФГ	Жоғары жолдарының және дистрофия. Гиперпласт . Перифери. жүйесінің аурулар Аллергиялы Өкпе брои созылмалы
38	Алифатиялық спирттер (бір атомды, көп атомды, хош иісті және олардың туындылары: этил, пропил, бутил, аллил, бензил,	Жылына 1 рет			Жиі асқы тұратын пе

	этиленгликоль, пропиленгликоль, этилцеллозоль)		Кәсіптік патолог, терапевт, невропатолог	Қанның жалпы талдауы, несептің жалпы талдауы, ЭКГ, ФГ	жүйесінің аурулары.
39	Метил спирті	Жылына 1 рет	Кәсіптік патолог, терапевт, офтальмолог, невропатолог	Көз ұяшығын зерттеу, ЭКГ, ФГ	Көру нері торқабығы Жиі асқы тұратын пе жүйесінің аурулары.
40	Сүрме және оның қосындылары	Жылына 1 рет	Кәсіптік патолог, терапевт, оториноларинголог, дерматовенеролог, невропатолог, аллерголог	Қанның жалпы талдауы, несептің жалпы талдауы, спирография, ЭКГ, ФГ	Жоғары жолдарынь және дистрофия. Гиперпласт . Терінің созылмалы Перифери. жүйесінің аурулар Өкпе брои созылмалы
41	Таллий, индий, галлий және олардың қосындылары	Жылына 1 рет	Кәсіптік патолог, терапевт, оториноларинголог, дерматовенеролог, невропатолог, аллерголог	Қанның жалпы талдауы, көрсеткіштер бойынша: металдың болуына несепті талдау, спирография, ЭКГ, ФГ	Жоғары жолдарынь және дистрофия. Перифери. жүйесінің аурулары.
42	Титан, цирконий, гафний, германий және олардың қосындылары	Жылына 1 рет	Кәсіптік патолог, рентгенолог, терапевт , оториноларинголог, дерматовенеролог, невропатолог және айғақ бойынша аллерголог	Қанның жалпы талдауы, көрсеткіштер бойынша: металдың болуына несепті талдау, спирография, ЭКГ, ФГ, көздің алдыңғы тілігінің биомикроскопиясы	Жоғары жолдарынь алдыңғы аллергиял жан-жақты аурулар Өкпе брои созылмалы
43	Көміртегі монооксиді	Жылына 1 рет	Кәсіптік патолог, терапевт, невропатолог	эритроциттерге, ретикулоциттерге қан талдауы, ретикулоциттер карбоксигеоглабині, ЭКГ, ФГ	Айқын қ дистония Перифери. жүйесінің аурулары.
			Кәсіптік патолог, терапевт,	Қанның жалпы талдауы, ретикулоциттер, тромбоциттер,	Ерлерде 13 әйелдерде гемоглоби лейкоцитте емес, тром к е м Тері, жын катерсіз Дисфункци қан к

44	Хош иісті көміртегі: бензол ^К және оның туындылары (толуол, ксилол, стирол)	Жылына 1 рет	невропатолог, гинеколог, онколог, офтальмолог, уролог, психиатр, нарколог	билирубин, АЛТ, АСТ, гамма-глутаминтранспептидаза, ЭКГ, ФГ, көз ортасының микроскопиясы, ішкі ағзалардың УДЗ	сипатталатын функцияны Терінің қай (псориаз, витилиго, қайталанатын гепатобилиаурулары жылда 2 Полинейр Әйелдерге істеуге жол
45	Көміртегі хош иісті амин және нитроқосындылары және олардың туындылары (анилин ^К , м - толуидин, нитро, аминафенолдар, тринитротолуол, фениледиаминдер ^А , хлоранилиндер, ксилидиндер, анизидиндер, ниазон)	Жылына 1 рет	Кәсіптік патолог, терапевт, невропатолог, онколог, офтальмолог (толуолдың нитротуындыларымен жұмыс істейтіндер үшін), гематолог, психиатр	Қанның жалпы талдауы, қандағы ретикулоциттер, билирубин, АЛТ, АСТ, гамма-глутаминтранспептидаза, көз ортасының микроскопиясы (толуолдың нитротуындыларымен жұмыс істейтіндер үшін), ЭКГ, ФГ	Ерлерде 13 әйелдерде гемоглобин Гепатобилиаурулары созылмалы Катаракта нитротуынды жұмыс Жиі қайталанатын гепатобилиаурулары жылда 2 Полинейр Айқын вегетативтік жүйелер Күйзеліспе неврозды соматоформ Терінің қайталанатын
46	Изоцианаттар (толуиленидиизоцианат ^А және т.б.)	Жылына 1 рет	Кәсіптік патолог, рентгенолог, терапевт, оториноларинголог, офтальмолог, невропатолог, алерголог	Қанның жалпы талдауы, спирография, ЭКГ, кеуденің екі проекциядағы рентгенографиясы	Көздің аллергиялық Жоғары жолдарының дистрофия аллергиялық Күлтізбелі және одан өкпе бронхит созылмалы
47	О - толуидин ^К , бензидин ^К , 14 - нафтиламин ^К	Жылына 1 рет	Кәсіптік патолог, терапевт, невропатолог, уролог, онколог	Қанның жалпы талдауы, несептің жалпы талдауы, ЭКГ көрсеткіштері бойынша цистоскопия, кеуденің екі проекциядағы рентгенографиясы, бүйрек пен несеп шығару жолдарының ЗДЗ, цистоскопия	Күлтізбелі және одан бүйрек пен жолдарының Несеп шығару қатерлі іс аурулар Вегетативтік айқын бұзылу
					Жоғары жолдарының

48	Хош иісті көмірсутегі галоген туындылары (бензол сақинасындағы галоген), хлорбензол, бромбензол, хлортолуол, хлорлы бензилиден, бензотрихлорид, бензотрифторид	Жылына 1 рет	Кәсіптік патолог, терапевт, оториноларинголог, невропатолог, аллерголог, офтальмолог, дерматовенеролог, рентгенолог	Қанның жалпы талдауы, ретикулоциттер, тромбоциттер, спирография, ЭКГ, кеуденің екі проекциядағы рентгенографиясы, АЛТ, АСТ, гамма-глутаминтранспептидаза, көз ортасының микроскопиясы айғақтар бойынша	және дистрофия. Өкпе брои созылмалы Көздің алл аллергиялы Күнтізбелі және одан өкпе брои созылмалы Ерлерде 1 әйелдерде гемоглобин
